

Барлық үй жиһаздары Жамбылдың өзі қолымен ұстаған, иығына ілген бқйымдары. Саяхат та тізбегімен жүргізіледі.

Мұражайдағы 3000-нан аса экспонаттың негізгі бөлігін ақынның заттары, өмірінен деректер беретін, шығармашылық кезеңдерін көрсететін суреттер құрайды. Ауласында ақынның автокөлігі тұрған гараж бар [1, 234 б.].

«Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы

Таңбалы мәдениландшафтысы археологиялық ескерткіші кешеніне 900 га аумақты алып жатқан және соның ішінде теңіз деңгейінен 982 м биіктегі Таңбалы шыңы кіретін дөңгелек кеңістік кіреді. Таңбалы бұлақтары ескерткіш аумағын шамамен тең екі бөлікке бөліп, солтүстік пен солтүстік-шығысқа қарай төменгі кең жазыққа алып шығады. Ескерткіштің жақын төңірегіндегі 2900 га ішінара қоршалған аумағында ескерткіштен солтүстік-батыс пен оңтүстік-шығысқа қарай петроглифтер, обалар мен ежелгі және орта ғасырлардағы елді мекен орындары бар.

Ескерткіш келесі мәдени сипаттардың жиынтығы бойынша дүниежүзілік ұлы маңызға ие. Ол ішкі қисынмен үйлестірілген 5000 – дай суреттерден құралған.

«Таңбалы тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы Қазақстан Үкіметінің №1053 қаулысымен 2003 жылдың қазан айында құрылған болатын. [3, 18 б.].

Қорытындылай келе, «Ақындар мен батырлар елі» атанған, жеріне құт дарып, қызыр қонған мекеніммен мақтанамын. Бұл өңір «Жер жаннаты – Жетісу» жерінің бір пұшпағы десе де болады. Түгін тартсаң, майы шығатын киелі топырақ кешегі ел қорғаған Қарасай, Наурызбай, Сұраншы, Саурық, Сәмен сынды батыр бабаларды, Сүйінбай, Жамбыл, Үмбетәлі сияқты ақын даналарды, өнер әлемінде өшпес із қалдырған Нұрғиса мен Әсеттей ардақты ағаларды және еліміз егемендік алғаннан кейін ғарыш кеңістігіне жол салған Талғаттай жұлдызды жігіттерді дүниеге әкелген киелі мекен.

Ертеректе Асан қайғы бабамыз Жерұйығын іздеп, Жетісу өңіріне келгенде, «Жетісудың ағашының басы жеміс екен, жері шаруаға жайлы қоныс екен» деп баға берген екен. Абыз бабамыз айтқандай, қызыр қонған осы шұрайлы өлкенің оңтүстік-батысын біздің аудан алып жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Есенкұлов Ж. Ақындар мен батырлар елі. – Алматы: ЖШС «Мирас» баспасы, 20097 –261 б7
2. Қазақстан республикасы Статистика агенттігі / Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2009. – Астана, 20207 – 552 б.
3. Железняков Б.А. Таңбалы. – Алматы, 2016. – 239 б.
4. Жетісу: Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004 . – 709 б.
6. Жетісу энциклопедия. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 712 б.

Райымбек батыр кесенесі және ескерткіші

Бейбітұлы Болат

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор А.Б. Қалыш.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Жетісу өңірі көптеген тарихи оқиғалар мен осы өлкеде туған аттары тарихта қалған тұлғалар мен батырлардың өміріне куә киелі орындардың бірі болып саналады. Жетісу өңірі негізінен алғанда табиғаты өте қолайлы жанға жайлы жердің бірі. Сұлулыққа толы қасиетті Жетісу бойымен серуендеу көптеген адамдар жырлаған поэтикалық өлеңдердің негізіне айналды. Табиғаттың бар сұлулығын қамтыған Жетісу өзендері, көлдері, таулары мен жазықтары мыңдаған тарихты баяндайды. Сонымен осы өлкеде туған бүкіл Жетісу аймағында даңқы асқақтаған, батыр, қолбасшы, халық арасында әулие атанып кеткен Райымбек батыр туралы баяндалады. Райымбек Түкеұлы (1705- 1785) – батыр, қолбасшы.

Ұлы жүз албан ішіндегі Алжан руының сырымбет тармағынан. Райымбек 17 жасында жоңғар басқыншыларына қарсы күресте ерлік көрсетіп, батыр атанды. Алматы қаласы мен облысында Райымбек есімімен аталатын жер-су аттары көп кездеседі. Торайғыр тауындағы Айырлы асуының маңында «Райымбек бастауы» бар. Алматы облысының Нарынқол, Кеген аудандары бірігіп, қазірде Райымбек атымен аталады, онда батырға ескерткіш орнатылған. Батырдың бейіті Алматы қаласындағы оның есімімен аталатын үлкен даңғылдың бойында. Бейітінің басына кесене – күмбез тұрғызылған.

Райымбек батыр кесенесі

Жоба жеткешісі: Б.Ә. Ыбыраев, кесенені салдыруға қаржы жинастырған – М.С. Боранқұлов.

Райымбек батыр кесенесі- жоңғар басқыншыларынан қазақтардың бостандығы үшін күрескен қазақтың ұлы батыры Райымбек батырдың кесенесі, ол Алматы қаласында Райымбек даңғылының бойында орналасқан.

Құрылыстың тарихы: 1918-1922 жылдардағы Азамат соғысы барысында Райымбек бейіті қиратылды. 1960 жылы қазіргі кесененің орнында орналасқан мұсылман зиратын бұзу әрекеті кезінде бүкіл Құрылыс техникасы істен шықты, бұл жерлеудің қасиетті ерекшеліктері туралы аңыздың пайда болуына себеп болды. Осы жағдайдың арқасында қасиетті қабір сақталған. 1981 жылы батыр жерленген жерге гранит стела орнатылды. 1994 жылы «Райымбек» тарихи-этнографиялық қоғамының бастамасымен Ұлы кесене тұрғызылды, оның жанында жатқан түйенің мүсіні орнатылды [1].

Қазіргі кесене құрылысы: ескерткіш ерекше пішінге ие, жоғарғы жағында Жарты ай бар шатыр түрінде, оның ішінде Ұлы кейіпкердің күлі бар саркофаг бар. Кесененің аумағында су көзі және намаз оқуға арналған бөлме бар.

2005 жылы Райымбек батырдың 300 жылдығына орай, Алматы мәслихатының депутаты және «Сана-Ой Инвест» корпорациясының бас директоры Дәулет Әбенев кесененің жанына қара мәрмәрден жасалған символдық Құран дайындап, орнатты, онда адамдар оған қол қойып тағзым ете алады.

Кесене туралы аңыз: Аңыз бойынша, Райымбек Батыр қайтыс болғанға дейін барлық серіктері мен жақындарын жинап: «Мен қайтыс болған жағдайда денемді киізге орап, ақ түйеге салып, түйе қайда апарса, сол жерде мені де жерлендер», - деген. Түйе тұрған жерде ақ түйе мүсінімен кесене тұрғызылды. Содан бері халық арасында бұл жер қасиетті деп саналады, адамдар кесенеден бата сұрап, Қазақстанның түкпір-түкпірінен және бүкіл әлемнен келеді [2].

Райымбек батыр ескерткіші

Жоба авторлары: Мүсінші: Едіге Рахмадиев, дизайнер Игорь Поляков, сәулетші Владимир Немчиков.

Ескерткіштің сипаттамасы: Қазақ жауынгерінің «батырлық» тақырыбы Қазақстанда өте дамыған және құрметті. Батырлар – бұл қазақ халқының құндылықтарының, тарихының, мәдениеті мен дәстүрінің көрінісі. Райымбек батырдың ат үстіндегі ескерткіші Стилистика және көркемдік жағынан ең үздік ескерткіштердің бірі болып саналады. Монумент батырлық формада тұрғызылған-онда отырған батыр мен жылқы шайқастың ең биік шыңында бейнеленген. Батырдың киімдері мен ат әбзелдері тарихи тұрғыдан дәл әрі егжей-тегжейлі жасалған. Ескерткіштің биіктігі – 12 метр. Тұғырдан Мұқағали Мақатаев өлеңінің жолдарын және батырдың өмір сүрген жылдарын оқуға болады. Ескерткіштің орналасқан жері қазіргі Райымбек батыр даңғылы мен Пушкин көшесінің қиылысында орналасқан [3-6].

Тақырыпты қорытындылай келсек Жер жәннәті – Жетісу деп бекер айтылмаған. Осы өңірде туған барлық тұлғалардың, жазушылардың, батырлардың еңбектері мен ерліктері болашақ ұрпаққа өшпестей мұра қалдырып отыр. Соның бірі осындай жайлы ортада дүниеге келген, батырлығымен халықты тәнті еткен Райымбек батырдың ескерткіштері мен кесенесі және батырдың атына берілген жер-су атаулары бұл жасаған еңбегіне тұрарлық. Ескерткіштері мен кесенесі олардың салынуы жайлы бір аңыз болып саналады. Батыр рухы осы жер жәннәті – Жетісу өлкесінде мәңгі өмір сүрмек. Батырдың жасаған ерліктері мен

халқына аянбай қызмет еткен еңбегі келер ұрпаққа өшпес із қалдырып өзінің туған жерін бағалап оны құрметтеп және қорғап өтуі міндетті деп санаймын. Осындай табиғаты көз тартарлық және әлі де құпияға толы өлкеде туған батыр мәңгілік ел есінде қала бермек. Алматы төңірегінде батыр есімімен аталатын жер-су аттары осы өлкеде туып өскен әрбір ұрпақтың мақтанышы бола бермек. Батырдың осындай өлкеде туылғаны үшін біз өзіміздің туған өлкеміздегі есімі асқақ және аты ешқашан ұмытылмас батырларымыз бен тұлғаларымыз арқылы өлкемізді жақсы тани білеміз және оны келешек ұрпаққа мұра етіп қалдырамыз деген сенімдеміз. Бұл табиғат пен батыр ескерткіші менің туған өлкемде орналасқан. Осы өлкеде туып өсу мен үшін үлкен мақтаныш және абыройлы болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Карпык А.Х Батыр Райымбека // Импрам, достойный ханов... – Алматы: Агентство «Аль-Халел», 1995. – 344 с..
2. Свод памятников истории и культуры г. Алматы. – Алматы: ТОО «Казахская энциклопедия», 2006. – 360 с.
3. Райымбек батыр кесенесі // Қазақстанның киелі орындарының географиясы: Табиғат, археология, этнография және діни сәулет өнері нысандарының тізілімі. – Алматы, 2017.
4. Энциклопедия «Алма-Ата». – Алма-Ата: Главная редакция казахской советской энциклопедии, 1983. – 608 с.
5. Муканова Ж. Мавзолей Райымбек батыра в Алматы // Сакральный Казахстан. – Астана, 2017.
6. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым / Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы: «Алматы кітап» баспасы, 2009

Қазақ жеріндегі тарихи ескерткіш – Айша бибі кесенесі

Берікалиев Ж.Т.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор А.Б. Қалыш
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Тасын түртсең тарихтан сыр шертетін Тараз жерінде керемет киелі жерлер мен кесенелер көп. Олардың барлығы да көне заманның бүгінгі куәгеріндей күмбездерін күнге сүйгізіп, аймақтың атын шығарып, асқақтап тұр. Өңірге туристер тартудың кілті де осы әулиелі жерлерге байланысты. Аймақтың алтын кілті іспеттес Айша бибі кесенесіне келіп, тәу етушілер көп. XII ғасырдағы сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші ЮНЕСКО тізіміне алынған.

Зерттеу нысаны: Айша бибі кесенесі; зерттеу пәні: тарихи – ескерткіштер.

Мақсаты: Айша бибі кесенесінің тарихи ескерткіш ретінде маңызын айқындап көрсету; міндеттері: 1) Айша бибі кесенесінің ерекшелігін анықтау; 2) Бабаджа хатун ескерткішінің ерекшелігін көрсету.

Айша бибі кесенесі – XI-XII ғасырлардағы сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші. Киелі Әулиетата жері Жамбыл ауданында Айша бибі ауылында орналасқан. Сырты керамикалық плиталармен қаланып, ойып жасалған өрнектің сән-салтанаты мен сан түрлілігі жағынан Қазақстандағы басқа мемориалдық-дәстүрлік ескерткіштер ішінде оған тең келетіні жоқ. Ескерткішті қалаған кірпіштердің әртүрлілігінің өзі таң қалдырады. Оның алғашқы қалпы біздің уақытымызға дейін тек батыс қабырғасында сақталған [1, 45 б.].

Тараз қаласынан 18 км қашықтықта басқа да діни ескерткіш орналасқан. (XI- XIIғғ.) Қазіргі кезде ол кесене ЮНЕСКО қатарына алынған. Кесене құрылысын 1897 жылы В.А. Каллаур, 1938 — 39 жылы А.Н. Бернштам бастаған КСРО ҒА Қазақ филиалының тарих және